



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН СЫН ТҮРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Хамзина Кулшат Бакытжановна,
педагогикалық ғылымдар магистрі
педагогика және психология кафедрасының
аға оқытушысы

Әбдірашит Нұржамал Үсенқызы,
мектепке дейінгі және бастауыш білім беру
кафедрасының БОПМӘ 4-курс студенті
А.Байтұрсынов атындағы
Қостанай өңірлік университеті
Қостанай қ., Қазақстан

Аннотация

Бұл мақалада бастауыш сыныпта сөйлеу мәдениетінің маңыздылығы, оны СТО технологиясы арқылы дамыту жолдары мен тиімділігі көрсетілген. Сөйлеу мәдениетінің тарихы баяндалған. Сөйлеу мәдениетін үйрену тілі шыққан бүлдіршіндер үшін қандай маңызды болса, бастауыш сыныпта оқушылардың өз ойын қорықпай, ашық, еркін баяндауы да өте маңызды. Сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларын сыни ойлауға үйретудің маңызы қарастырылады.

Түйінді сөздер: бастауыш сынып, сөйлеу мәдениеті, сын түрғысынан ойлау технологиясы.

Аннотация

В данной статье показана значимость культуры речи в начальной школе, пути и эффективность ее развития с помощью технологии СТО. Изложена история культуры речи. Как важно для детей, из которых вышел язык изучения культуры речи, так и в начальной школе очень важно, чтобы учащиеся выражали свои мысли открыто, непринужденно. Также рассматривается важность обучения младших школьников критическому мышлению.

Ключевые слова: начальная школы, культура речи, технология критического мышления.

Abstract

This article shows the importance of speech culture in primary school, ways and effectiveness of its development through the technology of critical thinking. The history of speech culture is described. No matter how important it is for children of language origin to learn the culture of speech, it is very important that in primary school students express their thoughts openly, freely, without fear. The importance of teaching critical thinking to younger schoolchildren is also considered.

Keywords: primary school, speech culture, reading and writing for critical thinking.

Адам баласы өмірге келген сәтте оның қоршаған ортамен қарым-қатынасы сөйлеу арқылы жүзеге асады. Тіл – адамдардың сөйлеу, ойлау деңгейін көрсетеді. Тіл – бұл күрделі процесс. Кез келген ұлтқа қарасақ олардың жеке тілдері бар. Қоғамда қанша ұлт болса, сонша тіл бар. Демек, ұлттардың тілі, діні, ділі, мәдениеті, наным-сенімі, салт-дәстүрі ғасырлар бойы қалыптасып бүгінгі күнге дейін жалғасын табуда.

Алдымен «сөз дегеніміз – ойды білдірудің, сөйлем құраудың басты материалы. Құрылыс материалынсыз болмайтын сияқты, сөзсіз сөйлем құрауға болмайды. Сөйлем – адам ойын айтудың негізгі формасы. Сөйлемге қатынасты әрбір сөз – айтайын деген мақсатты ойдың қажетті бөлшегі» [1, 87б]. Сөз мәдениеті жақсы деңгейде болу үшін әуелі ана тіліміздің сөз байлығын көбірек білу қажет. Бастауыш сынып оқушыларын сөздік қормен жұмыс жасап, тіл байлықтарын арттыру маңызды. Осы орайда мәтінмен жұмыс жасап, мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштарды орынды қолдану, оқиға желісін ауызша баяндауы, сұраққа жауап беру керек. Сонымен қатар өлеңді жатқа айтып, мәтінді түсінгенін айтудың да маңызы зор.

Сөйлеу мәдениеті – ауызша және жазбаша әдеби тілдің қалыптарын (сөздерді дыбыстап айту, екпін, сөз қолдану) меңгеру және тілдің мәнерлеу құралдарын қатынастың әр түрлі жағдайларында сәйкес қолдану біліктілігі.[2, 17б].

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Мәңгілік ел» идеясын бекіте отыра, қазақ тілін мәңгілік тіл ретінде мәртебесін биіктетті. Елбасымыз өз сөзінде: «...Енді ешкім өзгерте алмайтын ақиқат бар. Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік Тіл болды! Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн» - деп ақиқатын дәл көрсетті [3, 13б]. Мектепте тәрбие мен білім беруді қатар алып жүргенде оқушылардың бойына қажетті іскерліктер, дағдылар мен жан-жақты тәрбиелеу арқылы нәтиже көрсетеді. Оқушылар мектепте алған білімін өмірде пайдалана

білсе жетістікке жетері анық. Осы кезде сөйлеу мәдениетін бастауыш сынып оқушыларының бойына дамытсақ жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеміз. Жалпы шешен сөйлеу жұрт алдында көркем сөйлеу ғана емес, бұл ойын нақты, жүйелі, мәдениетті жеткізу. Сөйлеу коммуникацияның басты кілті. Себебі адамдармен қарым-қатынас орнатқанда сөйлеу арқылы тыңдаушыға әсер етеді. Тыңдаушы естіген жаңалығын ой елегіне өткізіп, жауап ретінде кері байланыс орнатады. Қарым-қатынасты бастауыш сынып оқушылары мұғаліммен, сыныптастарымен, достарымен, ата-анасымен, БАҚ арқылы, әлеуметтік желі бойынша да орната алады. Бұл балалардың жаңа дүниені танып білуіне, бір-бірімен ақпарат алмасуын, түсінбеген жерін сұрау, қызығушылықты оята алады. Адамның сөйлеген сөзінен оның қандай екенін білуге болады. Сөйлемнің айтылу мақсатына орай бірнеше түрге бөлінеді. Мәселен хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты деп жіктеледі. Адамның сөйлеуі – тілдік құбылыс. Оқушыларды сөйлеу мәдениетіне үйрету тек мұғалімдер ғана емес, сондай-ақ ата-аналар, мектеп ұжымы жалпы қоғам ықпал етеді.

«Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал», - деген Абай атамыз. Расында қоғамдағы түрлі жағдай барысында сөйлеу мәдениетін орынды қолдануымыз қажет деп есептеймін. Жалпы кез келген адамды алып оның сөйлеген сөзінен, тұрған тұрысынан, жазған жазуынан оның болмысын тануға жол ашылады. Осы арада біз қазақ тілінің бай, сөз құдіреті шексіз екенін түсіндік. Бастауыш сынып оқушыларының сөздік қоры молайып, көбейген сайын, олардың қарым-қатынасы кеңейе береді. Бұл арада белсенді сөздік қорының үлесі жоғары.

Қазақ тіліне мәдениет сөзі араб тілінен («маданият» - қала, қалалық деген мағынаны білдіреді) енген. Ал, көне заманда «культура» сөзі «жерді өңдеу» деген мағынада қолданылған. Цицеронның еңбектерінде (б.з.д. 45 жыл) бұл сөздің мағынасы тереңдеп, «жанды жетілдіру» ұғымымен барабар пайдаланылды. Көне Грекияда ерте заманның өзінде-ақ өмірге икемді, қабілетті, жан-жақты қалыптасқан азаматтарды тәрбиелейтін сирек кездесетін білім беру жүйесі болғаны белгілі. «Адамзаттық» қасиеттерді жетілдіруге ерекше көңіл бөліп отырғандықтан, мұнда жастарды қоғамдық өмірге дайындауға басымдық берілген. Бұл бағыттағы мәдени білімнің мақсаты адамның ойлау, пікір айту, пайымдау қабілеттері мен эстетикалық сезімдерін дамыту болды. Әлемнің түрлі елдерінің қоғамдық даму жүйесінде бұл идеялар сан түрлі бағытта өрістей бастады. Мәселен, уақыт өткен сайын еуропалық тілдерде «культура» сөзі «білім беру», «даму», «қабілеттілік», «құрметтеу» сияқты мағыналарға ие болды [4, 226]. Мәдениет сөзі рухани мәдениет және материалдық мәдениет деп екіге бөлінеді. Соның ішінде сөйлеу мәдениеті рухани мәдениетке қатысты екені баршамызға түсінікті.

Қазақ елінде сөз мәдениетін зерттеп, ізденген ғалымдарымыз баршылық. Мәселен ана тілімізде оқу құралдары мен оқулықтар шығарған. Бұл дегеніміз сөз мәдениетіне үлкен басымдық бере отырып, пән ретінде қалыптасуына ықпал етті. Алғашқы әліппеден бастаған А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, А.Ысқақов, Қ.Аханов, т.б. ағартушы ғалымдардың үлестері жоғары деп білеміз. М.Балақаев: «шешендікке үйрету жай ғана көркем, шебер сөйлеуге үйрету емес, баланың ой өрісін, жалпы, білім дәрежесін арттыратын, шешендікке үйрету оқушының өздік әрекет етуіне негізделген ғана оң нәтиже беретінін» негіздеді [4, 96]. Қазақ мақалында бұл өнер жайлы айтылған «тілдің майын тамызып, сөздің балын ағызып қас шешендер сөз айтады» деп айтылса, енді бірінде «үйде шешен, дауға жоқ, үйде батыр, жауға жоқ» бұл ынжық, шешендік қабілеті төмен адамдарға айтылып тұр.

«Сөйлей-сөйлей шешен боларсың,

Көре-көре көсем боларсың», - деген мәтел шешендік өнерді үйренудің жолын нұсқап тұрғандай. Алайда сөйлей беремін деп, сөзшендікке барудың қажеті жоқ. Көп сөйлеген шешен екен деп ауызға не түссе соны айта беруге де болмайды. Тек орнымен жүйелі айтса, қысқа әрі нұсқа болып, өтімді болса жарайды. Шешендік – бұл тіл өнері мен сөйлеу мәдениетінің жоғарысы сатысы. Шешендік бұл да бір қабілет. Адам баласына берілген дарындылық деп түсінуіміз керек. Мұнда тек тіл жүйрігі ғана емес, ой жүйрігі көрініс табады. Нағыз шешен болу үшін сөзге шебер болу жеткіліксіз деп білеміз. Табанда сөйлейтін, топқа тайсалмай сөз бастайтын батыл, сөз арасында саспайтын батыл болуы қажет.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы дегенеміз – екі жақты ойлау, әрі белгілі бір жағдайда шешімін тауып шығу. Бұны біз креативті ойлау деп алсақта болады. Сын тұрғысынан ойлау қарапайым тілмен жеткізгенде күрделі ойлау, адамның ойланып, нәтижеге бағытталған, бір зат жайлы сараптап жүргізуін көрсетеді. Жалпы біз ойлаудың не екенін анықтайық.

Ойлау – таным процесстерінің бірі. Ойлау – адамзаттың басында іске асатын жүйке жүйесімен байланысты. Ойлау – бұл шексіз, қатып қалған қағида емес. Адам ойының ұшқырлығы соншалықты қазіргі таңда шетелдік ғалымдардың өзі қиялы мен ойына ерік беріп, айға ұшуды, марс ғаламшарын өмір сүруге жарамдылығын зерттеп жүр.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясын ересек оқушылар ғана емес, бастауыш сынып оқушыларына да қолдануға болады. Қазіргі таңда елімізде жаңартылған бағдарлама қолданысқа енді. Баяғыдай дәстүрлі оқыту қолданыс аясынан шығып бара жатыр. Оған себеп заман ағымына қарай білімде жаңаруда, жаңа технология, жаңа талап, жаңа сабақты қызықты ету, оқушыға жеке тұлға ретінде демократиялық бағытта жұмыс жүргізу. Осы орайда ауыр жүк ұстаздарға тиіп отыр. Біршама ізденіспен қатар, ақпарат көп заманда біршама мәліметтерді талдап, зерттеп, өңдеп қолдануда мұға-

лімнің сыни ойлауын талап етеді. Дидактикада бұрын нені? оқытамыз десек, қазіргі уақытта қашан? қай жерде? кімді? не үшін оқыту керек?, - деген мәселерді қамтып отыр. Себебі мұндай сауалдардың артында арнайы мақсат бар екенін естен шығармау қажет деп есептейміз.

Қорыта келе, «Өркениеттің басты міндеті – адамды ойлай білуге үйрету» - деп Эдисон айтқан. Осы себептен оқушыларды ойлауға үйрету арқылы олардың кез келген жағдайда екі жақты пайымдап, бір топтамға келуін болжаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мәулен Балақаев Қазақ тілінің мәдениеті. «Қазақстан» Алматы -1971.
2. Мәулен Балақаев Қазақ тілінің мәдениеті. «Қазақстан» Алматы -1971.
3. Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінің даму тұжырым-дамасы. -Алматы: РБК, 1995.
4. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. -Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005.

УДК 711.7

ФАКТОРЫ, ВЛИЯЮЩИЕ НА ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ ЗДОРОВЬЕ ПЕДАГОГОВ-АССИСТЕНТОВ, РАБОТАЮЩИХ С ДЕТЬМИ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ

Харламова Анастасия Андреевна,

магистрант 1 курса

ОП Педагогика и психология

Костанайский региональный университет
им. А.Байтурсынова, г.Костанай, Казахстан

Аннотация

Мақала өзекті тақырыпқа - педагог-ассистенттердің психологиялық денсаулық проблемасына арналған. Мақалада психологиялық денсаулықты сақтаудың әсерін қарастыру және осы мәселеде сауаттылықты арттыру міндеті қойылған. Психологиялық денсаулыққа жеке әл-ауқаттың ажырамас сипаттамасы ретінде ерекше назар аударылады. Мақала белгілі психологтар мен ғылымның көрнекті өкілдерінің идеялары мен пікірлерін жалпылау болып табылады. Жүргізілген талдау нәтижесінде педагог-ассистенттердің психологиялық денсаулығын бағалау мәселелерінде жалпы тәсіл анықталды. Зерттелетін сұрақтар денсаулықтың өткір мәселелерін зерттейтін әртүрлі саладағы мамандарды қызықтырады.

Түйіндісездер: психологиялық денсаулық, педагог-ассистент, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар, инклюзивті білім беру.

Аннотация

Статья посвящена актуальной теме- проблеме психологического здоровья у педагогов-ассистентов. В статье ставится задача рассмотреть эффект сохранения психологического здоровья и повысить грамотность в данном вопросе. Особое внимание обращается на психологическое здоровье как интегральную характеристику личностного благополучия. Статья представляет собой обобщение идей и суждений известных психологов и наиболее видных представителей науки. В результате выполненного анализа был выявлен общий подход в вопросах оценки психологического здоровья педагогов-ассистентов. Изучаемые вопросы интересуют специалистов разного профиля, изучающих острые вопросы здоровья.

Ключевые слова: психологическое здоровье, педагог-ассистент, дети с особыми образовательными потребностями, инклюзивное образование.

Abstract

The article is devoted to an urgent topic - the problem of psychological health among teaching assistants. The article aims to consider the effect of maintaining psychological health and improve literacy in this matter. Special attention is paid to psychological health as an integral characteristic of personal well-being. The article is a generalization of the ideas and judgments of famous psychologists and the most prominent representatives of science. As a result of the analysis carried out, a common approach was identified in assessing the psychological health of teaching assistants. The issues studied will interest specialists of various profiles studying acute health issues.

Keywords: psychological health, teacher-assistant, children with special educational needs, inclusive education.